

Тынышбаев атындағы Алматы көлік колледжінде 2 қыркүйек «Білім күніне» орай арнайы «Сәлем, саған колледжім!» атты салтанатты жиын өтті.



Колледж безендіріліп, салтанатты жиынымыз ҚР Мемлекеттік Әнұранмен басталды.



Іс-шараға жоғарғы курс студенттері алдын-ала дайындалды. Алғашқы құттықтау сөзі колледж директоры Айдарқұлов Қ.Қ берілді. Колледж директоры Айдарқұлов Қ.Қ студенттерді айтулы мереке білім күнімен құттықтады. Оқу орнымыздың білім сапасын арттырып, сол жолда еңбегін аянбай, бар күштерін сарп еткен, алдыңғы қатарлы озат ұстаздарымыз бен бөлім меңгерушілеріне, орынбасарларға үлкен алғысын айтып, еңбек жолында шығармашылық табыстар тіледі. Одан соң оқу-ісі жөнінің орынбасары Малимова Н.М ата-аналар мен студенттерді 2017-2018 жылғы оқу бұйрығымен таныстырды. Бұл жиында Астанада өтіп жатқан ЭКСПО-2017 көрмесінің ашылуы мен болып жатқан таңдай қақтырар қызықты мәліметтер де сөз болды. Кейін Серік Ұлан «Жаса, Қазақстан» атты ән шашуымен жиылған жұртты қуантса, Абдрахманов Еркебұлан «Сарыарқа» күйін күмбірлетіп орындады, жиынымыз мың бұралған бишілердің биімен жалғасын тапты.



Белсенді, үздік студентіміздің бірі Алтай Асқан 1 курстың озат студенті Низахунова Адельге білім кілтін тапсырды. Білім кілтін тапсыру рәсімінде Алтай Асқан кез-келген студент білім кілтіне ие бола алмайтынын баса айтып, тек ғана нағыз мықты деген студент ғана білім кілтін иелене алатынын айтып, студенттерге өзінің жақсы тілектерін білдірді.



Салтанатты жиынымыздың соңында студенттерге ақ жол тілеп, кураторларымен таныстырды. Білім күні орай өткізілген шараның екінші бөлімі ашық тәрбие сағаттарымен жалғасын тапты. Бұл маңызды кезеңде аудитория іші тәрбие сағаттарына сай көркем безендіріліп, студенттер өз пікірлері мен ойларын ортаға салып, ашық сұхбат түрінде өтті.